



ТУРАН-КАЗАЛЫ

№42
(2317)
Сенбі
14 маусым
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Қазалы ауданында салтанатты шара өткізіліп, аудандағы бірқатар дәрігерлер құрмет төрінен көрінді.

Мерейлі мерекелік шараға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Исаков, зиялы қауым өкілдері және денсаулық сақтау саласының қызметкерлері мен ардагерлері қатысты.

Салтанатта аудан әкімі сахна төріне көтеріліп, абзал жандарды мерекесімен құттықтап, ізгі лебізін жеткізді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде аймақ басшысының қолдауымен жүзеге асып жатқан аудандағы денсаулық сақтау саласындағы оң нәтижелі жұмыстар жайында айтты.

Аудан басшысынан кейін, сал-



танатты шараға арнайы келіп қатысқан облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Исаков ақ халатты абзал жандарды кәсіби мерекесімен құттықтады.

Мерекелік шарада аудан медицинасының дамуына сүбелі үлес қосып, салада табысты еңбек еткен бірқатар дәрігерлер мен сала ардагерлері түрлі марапатқа

ие болды. Атап айтқанда Қазалы ауданаралық орталық ауруханасының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Медетбаева мен бас мейіркеші Масаты Мұрат «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісінің Үздігі» құрметті төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ, бірқатар азаматтарға ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хаты», облыс әкімі мен аудан әкімінің және облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының «Алғыс хаттары» табысталды.

Мерекелік шарада дәрігерлер әріптестеріне деген жүрекжарды тілегін әнмен жеткізсе, ал, аудан өнерпаздары медицина қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, ән шырқап, оларға мерекелік ерекше көңіл-күй сыйлады.

●Баспасөз - 2025

МӘЖІЛІСТЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ТУРИСТЕРГЕ ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте еңбек қауіпсіздігі және еңбек саласын цифрландыру, сонымен бірге өңір халқы мен туристерге қолайлы жағдай жасауда ауданда атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәселелер қаралды.

Мәжілісте алдымен аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Совет Бабанаев жұмысшылардың құқықтарын қорғау, жұмыс орындарының еңбек жағдайын жақсарту, еңбек қауіпсіздігін сақтау және еңбек адамдарының табысын артты-

ру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет күн тәртібінде көтерілген бірінші мәселе бойынша аудандағы еңбек ұжымдарында жазатайым оқиғалардың алдын алу, мекеме - кәсіпорындардың қызметкерлеріне жалақыларын уақытылы берілуін қамтамасыз ету, қарапайым жұмысшылардың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстарды күшейту және ұжымдағы және қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті болдырмау бағытында дер кезінде тиісті шаралар қабылдап, кез

келген жұмысшының еңбек құқықтарының бұзылуына жол бермеу сынды өзекті мәселелерді көтеріп, осыған байланысты тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Ал, аудан басшысы мәжілістің күн тәртібіндегі екінші мәселе - өңір халқы мен туристерге қолайлы жағдай жасауда Республикалық дәрежедегі ескерткіштің бірі – көне «Жанкент» қалашығына туристерді тарту және аудан аумағында ашылып жатқан жаңа нысандар мен демалыс орындарына қонақтардың көптеп келуімен оларға қолайлы жағдай қалыптастыруда шараларды қолға алу керектігін айтты. Сонымен қатар тиісті сала басшысына аудан аумағында орналасқан тарихи нысандардың барлығында келген қонақтар мен туристерге ақпарат беретін виртуалды карта әзірленіп, оларға арнайы QR кодтарды қойылу керектігін ескертті.

Мұнан бөлек жауапты орынбасары Мұрат Әбсұлтановқа аудандағы тарихи ғимараттардың бірі – Қазалы теміржол вокзалына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарын тезірек сапалы етіп аяқтауға жұмыс істеуді тапсырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

2025 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық
«Тұран-Қазалы»
газетінің редакциясы

29 МАУСЫМ – «АРЫҚБАЛЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ТӨТЕ САЙЛАУЫ

**«АРЫҚБАЛЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ
КАНДИДАТ СЕРАЛИЕВ НҮРКЕН ЖАРБОЛҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ**

Мен, Сералиев Нүркен Жарболұлы 1981 жылдың 23 мамырында дүниеге келдім. Ұлтым қазақ.

1988 жылы Қазалы ауданы, «Құмжиек» ауылындағы №92 қазақ орта мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 1998 жылы Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылындағы №190 орта мектебінің 11 сыныбын аяқтадым.

Білімім жоғары, 2003 жылы Қызылорда қаласындағы Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетінде «Заңгер» мамандығы бойынша білім алдым.

Алғашқы еңбек жолымды 2004-2007 жылдары «Сарыкөл» ауылдық округі әкімі аппаратының маман-

юристконсульты, 2007-2011 жылдары Қазалы ауданының әділет басқармасының жетекші маманы, 2011-2013 жылдары Қазалы ауданының әділет басқармасының бас маманы, 2013-2017 жылдары «Әйтеке би кенті әкімі аппараты» ММ-нің құжаттамалық қамтамасыз ету және құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы. 2017-2019 жылдары «Әйтеке би кенті әкімі аппараты» КММ-нің есеп және шаруашылық бөлімінің басшысы. 2019-2023 жылдары «Ақжона» ауылдық округінің әкімі, 2023 жылдың наурыз айынан бастап «Қазалы ауданының жұмыспен қамту орталығы» КММ заңгері болып қызмет атқардым. 2024 жылдың 18 сәуірінен бастап «Қазалы аудандық отбасын қолдау орталығы» КММ директоры қызметін атқарып келемін.

Жетістіктерім: Қазақстан Республикасының «Үздік ауыл әкімі» төсбелгісі, Құрмет грамотасымен, облыс және аудан әкімдерінің алғыс хатымен марапатталдым.

Ендігі кезекте осы уақытқа дейін жинаған тәжірибемді «Арықбалық» ауылдық округінің өркендеуіне жұмсап, гүлденуі үшін қолымнан келгенше бар күш жігерімді салып, өзекті мәселелердің оңтайлы шешім табуына жұмыс істесем деймін.

Бұл үшін маған Сіздердің қолдауларыңыз керек!

**«АРЫҚБАЛЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ СЕРАЛИЕВ
НҮРКЕН ЖАРБОЛҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫНАН**

Мені ауылдық округ әкімі етіп сайласаңыздар алдағы 4 жылда;

Ауыл тұрғындары арасындағы өзекті мәселе: жұмыссыздықтың санын азайтуға. Бұл ретте: «АМАНАТ» партиясының «Ауыл аманаты» жобасына сәйкес ауылдық округтегі жаңадан кәсіп ашамын деген азаматтарға несие алуына жәрдемдесуге, «Бақытты отбасы» партиялық жобалары аясында тұрмысы төмен, аз қамтылған, көп балалы отбасыларына және «Кедергісіз келешек» жобасы аясында мүгедектігі бар жандарға көмектер көрсетуге, «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыруға;

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға;

Көпбалалы отбасылар мен жастарға арналған гранттар, несиелерді алып беруге сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуге;

«Құмарық» каналының шлюздерін жөндеуге құзырлы органдар арқылы қол жеткізуге;

«Аймаң», «Құмарық-1», «Партсъезд арық», каналдарының құжаттарын әзірлеп, әрі қарай таза-лау жұмыстарына

атсалысуға;

Жанқожа батыр ауылына табиғи газ жүйесін кіргізуге;

Жанқожа батыр ауылындағы ішкі көше жолдарының жөндеуден өтуіне және ауыл көшелерін жарықтандыруға;

Жанқожа батыр ауылындағы электр желілерін қайта жаңғырту (электр бағаналарын, септік кабель, трансформатор) жұмыстарын жүргізуге;

Мал азығын(жоңышқа, жүгері,бидай) дайындауды ұйымдастыруға;

Жанқожа батыр ауылында жасыл белдеу құруға;

«Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру үшін

көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын әрі қарай жандандыруға;

Мал ауруларының алдын-алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру, оның ішінде кенеге қарсы шараларды өткізуге;

Бау-бақша дақылдарын егу жұмыстарын ұйымдастыруға;

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, олардың

қоршаған ортаны қорғау мәдениетін дамытуға, округ көлемінде жастар саясатын жүйелі түрде жүргізу, жастар арасындағы жұмыссыздықты жою мен олардың демалысын өз деңгейінде өткізуге ықпал етуге;

Көп балалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың қайтарымыз мемлекеттік гранттар алып, сондай-ақ ауыл жастарына мемлекеттік бағдарламалар аясында 2,5 пайыздық несие алып, өз кәсіптерін ашуға;

Ауыл тұрғындарына Жастар тәжірибесі, Алғашқы жұмыс орны, Күміс жас және Әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыру;

Ауылдағы мәселелерді шешу үшін әріне қаржы керек, ауыл бюджетінің көлемі де өздеріңізге белгілі. Осы орайда, ауылға түсетін салықтық түсімдерді көбейтуге жұмыс істеймін;

Осы атқарылатын жұмыстарды ауылдағы жергілікті қоғамдастық мүшелерімен және ауыл тұрғындарымен келісе отырып,атқаратын боламын;

**«АРЫҚБАЛЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ
ЖУСУПОВ БАГДАТ ТОЛЫБАЕВИЧТІҢ
ӨМІРБАЯНЫ**

Мен, Жусупов Багдат Толыбаевич 1988 жылы 2 ақпанда Жаңақазалы қыстағы, Қазалы ауданында дүниеге келдім.

Еңбек жолымды 2009 жылы тамыз айынан бастап, Әйтеке би кентіндегі №5 Кәсіптік лицейде өндірістік оқу шебері болып 2011

жылдың тамыз айына дейін жұмыс істедім. 2013 жылдың наурыз айынан 2015 жылдың қаңтар айына дейін Әйтеке би кенті әкімі аппаратында маман болып қызмет атқардым. 2015-2022 жылдары «Әйтеке би кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде есеп және шаруашылық бөлімінің жетекші маманы, бас маманы қызметін атқарып келдім. 2022 жылы «Әйтеке би кенті әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде есеп және шаруашылық бөлімінің басшысы қызметін атқардым. 2025 жылдың ақпан айынан бастап Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмыспен қамту секторының меңгерушісі болып қызмет атқарып келемін.

Отбасылымын,3 бала тәрбиелеп отырмын.

**«АРЫҚБАЛЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ
ЖУСУПОВ БАГДАТ ТОЛЫБАЕВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫНАН**

1. Ауыл көшелерін жарықтандыру жұмыстарын атқаруға;

2. Орталықтағы спорт алаңын орташа жөндеуден өткізуге;

3. Округте «Таза Қазақстан» жобасының орындалуын қамтамасыз етуге;

4. Бау-бақша дақылдарын егу жұмыстарын ұйымдастыру;

5. Ауылдық округке қарасты жайылымдық жерлерін түгендеу, кеңейту және көлдерге суару жұмыстарын жүргізуге;

6. Көп балалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың қайтарымыз мемлекеттік гранттар алып, сондай-ақ ауыл жастарына мемлекеттік бағдарламалар аясында 2,5 пайыздық несие алып, өз кәсіптерін ашуға;

7. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында шаруаларға қолдау көрсетіп, ұзақ мерзімге берілетін қол

жетімді несиелерді алу жолдарын қарастыруға;

8. Ауыл тұрғындарының бұқаралық спортпен айналысуына, ауылдағы мәдениеттің дамуына, жастардың бос уақытын тиімді пайдаланатын іс-шаралардың жүргізілуіне;

9. Ауылдың қоғамдық-саяси ахуалын тұрақты назарда ұстауды қамтамасыз ететін боламын.

Құрметті сайлаушылар! Сіздердің қолдауларыңызға ие болып жатсам, жоғарыда атап өткен бағыттар бойынша жұмыс істеуге, халық таңдаған әкім ретінде ауылдың өсіп-өркендеуі жолындағы игі істерді жүзеге асыруға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Қымбатты сайлаушылар! Баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытып, алдағы сайлау науқанына белсене қатысуға шақырамын.

Еліміз өркендей берсін!

29 МАУСЫМ – «АРЫҚБАЛЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ТӨТЕ САЙЛАУЫ**«АРЫҚБАЛЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ
ДАЙРАБАЕВ САКЕН ЖАРЫЛКАСЫНОВИЧТИҢ
ӨМІРБАЯНЫ**

Мен, Дайрабаев Сакен Жарылкасынович 1983 жылы 1-наурызда Жамбыл облысы, Мерке ауданында дүниеге келдім. Ұлтым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын.

Тұрғылықты мекен жайым: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Айдарбек баба көшесі, №45 үй.

1989 жылы Сырдария ауданы,

Тереңөзек кентіндегі И.Тоқтыбаев атындағы №35 қазақ орта мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 1999 жылы бітірдім.

1999 жылы Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 2003 жылы экономист-қаржыгер мамандығы бойынша бітірдім.

2003-2008 жылдары Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде «Углесбыт» ЖШС-де экономист, 2008 жылы «Арықбалық» ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маманның міндетін уақытша атқарушы (арнайы тексеру қортындысы келгенге дейін), 2008-2009 жылдары «Арықбалық» ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман, 2009-2017 жылдары Қазалы аудандық қаржы бөлімінде бас маман, 2017-2018 жылдары Қазалы аудандық ішкі саясат бөлімінде жетекші маман, 2018-2021 жылдары Қазалы ауданының қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі, 2021-2024 жылдары «Әйтеке би кенті әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құжаттамалық қамтамасыз ету және құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы. 2024 жылдан осы кезге дейін «Қазалы ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде әдіскер қызметін атқарып келемін.

**«АРЫҚБАЛЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ
КАНДИДАТ ДАЙРАБАЕВ САКЕН
ЖАРЫЛКАСЫНОВИЧТИҢ САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫНАН**

Қазақстан Республикасы Президентінің елдің әл-ауқатын жақсарту жөніндегі стратегиялық бағдарламаларын басшылыққа алып, Мемлекеттік және Үкіметтік бағдарламаларды ауыл округінде іске асыруға жұмыс істейтін боламын.

1. Ауылдық округтің дамуы-басты бағытым боп табылады.

Ол үшін округтің тұрғындарымен кездесіп, алдағы жоспарларды бекітіп алатын боламын.

2. Округтің ішкі жолдырын жөндеуге қаржы бөлдіремін.

3. Округтің инфрақұрылымының дамуына ықпал ететін боламын;

4. ҚР Президентінің «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы негізінде округке қарасты елді мекендерде «жасыл белдеу» істеп, тал егіп, ауыл экологиясының жақсаруына өз үлесімді қосамын;

5. Округке қарасты

мектептердің білім сапасын көтеруге, материалдық-техникалық базасын жақсартуға күшімді саламын;

6. Ауылдан жастар саябағын салып, бақтың ішін спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етемін;

7. Округтің ұялы байланысын жақсарту мақсатында интернет желісінің қуатын арттыруға жұмыс істейтін боламын;

8. Тұрмысы төмен отбасыларға демеушілік арқылы үнемі көмектесуді қолға алатын боламын;

9. Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында шаруа қожалықтары мен өндірістік кооперативтер ашып, салық базасын ұлғайтуға жұмыс атқаратын боламын;

10. Округке қарасты көшелерді түнгі жарықшамдармен қамтамасыз етуге қаржы бөлдіруге ықпал ететін боламын.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

Сыбайлас жемқорлық ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Ол мемлекеттің жалпы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына ғана емес, сонымен бірге оның барлық құрамдас бөліктеріне де зиянды әсер етеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен паралудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын болдырмау мен алдын алу баршамазға ортақ міндет болып табылады.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қарсы жұмылуымыз

қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық көріністерін жат құбылыс ретінде сезіну әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына айналса ғана, жемқорлыққа қарсы шаралар нәтижелі болары сөзсіз.

«Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Менің айтарым, сыбайлас жемқорлықпен күресу тал бесіктен басталуы керек деп ойлаймын. Өйткені жастай тәрбие беріп, санасына сіңірілген нәрсе ғана кәдеге іске асады деген пікірдемін.

Әбілғазы ТОМАЕВ,
«Аранды» ауылдық округінің әкімі

**ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ,
МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ**

Мемлекеттік тіл – халықтың рухани өзегі, елдіктің айғағы. Қазақстандағы тіл саясаты – ел бірлігін нығайтып, ұлтаралық татулықты сақтаумен қазақ тілінің мәртебесін көтеруге арналған маңызды бағыттардың бірі.

Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңында қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде айқындалған. Ел Президенті мен Үкімет тарапынан да тіл саясатын дамытуға айрықша мән беріліп отыр. Қазақ тілі – біртіндеп ғылым мен білімнің, техниканың, бизнес пен заманауи технологияның тіліне айналууда.

Мемлекеттік тілді меңгеру – әрбір азаматтың парызы. Қазақ тілінің дамуы – ел бірлігінің, ұлт болашағының кепілі. Мемлекеттік тілді құрметтеу – өзінді, тарихыңды, болашағыңды құрметтеу.

Сонымен қатар елімізде өзге ұлт өкілдерінің ана тілін сақтап, дамытуына да толық мүмкіндік бар. Бұл – Қазақстанның көпұлтты қоғамда бейбіт өмір сүруінің үлгісі.

Тіл саясаты – ұлттық саясаттың өзегі. Оны дамыту – тек мемлекеттің емес, әр азаматтың жүрекпен атсалысуына байланысты.

Тіліміз төрге озсын, бірлігіміз берік болсын!

Қазалы аудандық қоғамдық даму бөлімі

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Сұрақ: Бұл күндері біз өз өмірімізді ұялы телефонсыз елестете алмаймыз. Өндірушілер күн сайын жаңа өнімдерді жарнамалайды. Жаңа заманауи телефон сатып алу-көптеген адамдардың арманы, оны жүзеге асыру үшін кейбіреулер тіпті банктен несие алуға дайын. Алайда, егер алынған телефон сынып қалса, ондай жағдайда не істеу керек?

Жауап: Тұтынушылар аталған келеңсіздікті жою үшін сауда орталығына барып, сынған ұялы телефонды басқасына ауыстыруға немесе ақаулы тауарды кері қайтаруға тырысады, бірақ сатушылар тауарды қайта алудан бас тартады. Сатушылар заң талаптарын орындауға асықпайды.

Мұның бәрі тұтынушылар көбіне сауда жасаған кезде сатып алынған растайтын құжаттардың алмауынан болады. Чектерді де, кепілдік талондарын да алмайды. Егер тұтынушы қолына құжаттарды алмаса, өз-өзіне проблема тауып алады. Чекте, ең алдымен сатушының барлық деректемелері көрсетіледі, телефон сынып қалған жағдайда оны тауып алу да қиындық тудырмайды. Екіншіден чек – бұл сіз телефонда дәл сол сауда нүктесінен сатып алғандығыңыздың дәлелі. Кепілдік талоны – ол да сатып алғандығыңызды дәлелдейтін құжат. Осы жерде сатып алушы мұқият болуы керек, талонда мөр басылғанын, бар болса қандай мөр екенін тексеріп алуы қажет.

Егер құрылғы істен шығып қалса, ол құжаттар сізге ау-

адай қажет болады. Әрине, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» қолданыстағы заңға сәйкес, егер қажетті чек пен кепілдік талоны жоғалып қалса, тауарды сатып алу фактісін дәлелдеу үшін тұтынушы куәгерлерді тартуына болады. Дегенмен чек пен кепілді талонды сақтап қою әлдеқайда оңай.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңына сәйкес сатып алушы сынған телефонды соның жұмыс істеп тұрған баламасына ауыстырып беруді талап ете алады. Сонымен қатар, телефонның ақаулы екенін және де сіз оны құлатып не суға түсіріп алмағаныңызды да дәлелдеу керек. Сараптамаларды сервис орталықтары мен арнайы аккредиттелген ұйымдар жүргізеді. Егер телефон ақаулығында сатып алушының кінәсі жоқ екендігі анықталса, онда сатушы телефонды ауыстыру немесе ақшасын қайтару бойынша сатып алушының талаптарын орындайды. Егер сараптама қорытындылары күмән туғызса, онда өз есебіңізден басқа сервис орталығының көмегімен телефонның техникалық жағдайына тәуелсіз бағалау жүргізе аласыз. Ал тұтынушының қолында сараптама нәтижелері мен басқа да құжаттары болса, онда оның сотта жеңіп шығу мүмкіндігі айтарлықтай артады.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

ЗАЩИТА ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ

Вопрос: В наши дни представить жизнь свою без сотового телефона мы просто не можем. А производители чуть ли не каждый день рекламируют новинки. Купить новый современный телефон – мечта многих людей, и для ее осуществления некоторые готовы даже взять кредит в банке. И чем печальнее, когда этот телефон ломается, что делать в этом случае?

Ответ: Потребители поначалу сами стараются урегулировать конфликт, пытаются обменять в торговой точке телефон на работающий, или вернуть бракованный товар обратно. Однако продавцы не торопятся выполнять требования закона.

И все потому, что зачастую покупатели не берут подтверждающие покупку документы. Ни чеков, ни гарантийных талонов. Когда потребитель не получает на руки документы, он сам создает себе проблемы. В чеке, во-первых, указаны все реквизиты продавца, и найти его в случае поломки телефона просто. А во-вторых, чек – это доказательство, что вы купили телефон именно в этой торговой точке. Гарантийный талон – это тоже документ, и он тоже подтверждает покупку.

Документы могут вам очень сильно пригодиться, если устройство выйдет из

строя. Конечно, согласно действующему закону «О защите прав потребителей» покупатель имеет право воспользоваться и показаниями свидетелей, чтобы доказать факт приобретения товара, если необходимые чек и талоны потеряны. Но все гораздо проще и разумнее сохранить товарный чек и гарантийный талон.

Согласно Закона о защите прав потребителей, покупатель имеет право потребовать заменить неисправный телефон на аналогичный работающий экземпляр. Кстати, неисправность телефона еще надо доказать. Как и то, что вы его сами не утопили и не уронили. Проводят экспертизы сервис центры и специальные аккредитованные организации. Если выясняется, что вины покупателя в неисправности телефона нет, то продавец выполняет требования покупателя по замене телефона и возврату денежных средств. Если результаты экспертизы вызывают сомнения, то можно получить независимую оценку технического состояния телефона за свой счет, обратившись в другой сервисный центр. А имея на руках результаты экспертизы и все прочие документы, шансы потребителя выиграть дело в суде существенно увеличиваются.

ОНОМАСТИКАЛЫҚ КОМИССИЯҒА ЖОЛДАНАДЫ

Әйтеке би кентінің Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №1 атауы жоқ көшені – Байшуақов Әбжами көшесі атауымен атау, Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №2 атауы жоқ көшені – Есетов Тәкей көшесі атауымен атау, Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №3 атауы жоқ көшені – Ымат Нағымет көшесі атауымен атау, №170 мектеп жанындағы ипотекалық үйлер маңайы атауы жоқ көшені – Ахметов Өмірзақ көшесі атауымен атау, 5 кварталдағы

Қорқыт Ата көшесімен қиылысатын Қани Медетбаев көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшені – Сапаров Уснадин көшесі атауымен атау, Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №4 атауы жоқ көшені – Ежегеев Ізбасқан көшесі атауымен атау, 5 кварталдағы темір баба көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшені – Успанов Шүкір көшесі атауымен атау, Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №5 атауы жоқ көшені – Жупарбаев Данияр көшесі атауы-

мен атау, Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №6 атауы жоқ көшені – Таңжарықов Зәйну көшесі атауымен атау, 5 кварталдағы Әзімжан Әліпбаев пен Жетес би көшесі аралығындағы атауы жоқ көшені – Рашев Жұмат көшесі атауымен атау, Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №7 атауы жоқ көшені – Махашов Садуақас көшесі атауымен атау, №2 кварталдағы Жеті Ишан көшесімен қиылысатын Құлмұрат Қуатов көшесімен қатар жатқан атауы көшені – Бештембе-

ков Қалдан көшесі атауымен атау, №2 кварталдағы Назархан Құлсейтов көшесімен қиылысатын атауы жоқ көшені – Қарсақбаев Нысан көшесі атауымен атау туралы тұрғындармен жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілгендігін хабарлаймыз.

Жиналысқа қатысқандар саны 75. Ұсынысты қолдап дауыс бергендер саны 75. Қалыс қалған, қарсы болғандар жоқ.

Әйтеке би кенті әкімінің аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.